Мерейжас-80!

Жүзінен нұры таймасын

Павлодар ауданы Мойылды ауылының тумасы, бар саналы ғұмырында 50 жылға тарта аса адал еңбек етіп, ел экономикасының дамуына өзіндік үлес қосып, өмір бойы есепші болып қызмет істеген білікті маман, еңбек ардагері Қасымова Күлжәкім Хамитқызы сексеннің сеңгіріне келіп отыр. Өмірдің талай ащысы мен тұщысын көрген асыл әжеміз өмірлік серігіне адал жар бола білді. Тағдыр жазуымен жолдасы өмірден ерте кетіп, бар балаларын оқытып, қамқор бола білген ардақты Ана. Бүгінде қызын қияға, ұлдарын ұяға қондырып, немере-шөберелерінің сүйікті әжесі болып отырған асыл Анамызды мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз! Жүзінен әрқашан нұр таймаса деп тілейміз.

Батыр да туған анадан, ақын да туған анадан,
Ананың биік тұғыры – анадан туған бар адам.
Пайғамбарымыз Мұхаммед ананы құрмет санаған,
Анаға мәңгі борыштар елдегі барлық дана адам.

Асыл Ана! Сексеннің сеңгірінен еркін асып, сәтті қадам басыңыз жүзге қарай деген ниетіміз бар.

Балалары, немере-жиендері, шөбересі, туған-туыстары.

(1178)

Құттықтаймыз!

Ахтанова Көкен Тайшағарқызын 80 жасқа толу мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз.

Сізге деніңіздің саулығын, шаңырағыңызға ырыс-байлығын, көңіліңізге сезімнің шалқыған шаттығын тілейміз. Немере-шөберелеріңіз жүрегіңізге жастық жалын сыйлап, отбасыңыздан ынтымақ, басыңыздан бақ таймасын.

Сырын ұғып бұл өмірдің келесіз,
Бала десе жүрек жұлып бересіз.
Сексенді де бағындырып шаттықпен
Жазсын сізге "жүз" деген жас белесін.

Тілек білдірушілер: **Хамит-Зияда, күйеу балаларыңыз, немере-шөберелеріңіз.**

(1183)

Хабарландыру

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті 2018 жылғы 8 қарашада сағат 11.00-де «Ферро-ТрансТрейд» ЖШС электр энергиясын беру қызметіне арналған тариф және тарифтік смета жобасын қарау жөнінде жария тыңдау өтетінін хабарлайды.

Осыған байланысты Департамент Қазақстан Республикасы Парламентінің, мәслихаттардың депутаттарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік органдардың, тұтынушылар мен олардың қоғамдық бірлестіктерінің өкілдерін, тәуелсіз сарапшыларды, бұқаралық ақпарат құралдарын, табиғи монополиялар субъектілерін және өзге де мүдделі тұлғаларды ашық жария тыңдауға қатысуға шақырады.

Жария тыңдау Екібастұз қаласы, Қонаев көшесі, 201, 6-қабат, мәжіліс залында өткізіледі.

Анықтама телефоны: 8 (7182) 616-097.

(20310)

Құрметті аймағымыздың тұрғындары!

«Павлодар облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» ММ-сі ҚР «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңына сәйкес құрылыс процесіне келесі негізгі талаптар кіретіндігін ескертеді:

1. Жерге тиісті құқық ұсыну туралы тиісті әкімдіктің (әкімнің) шешімінің болуы;
2. Сәулет-жоспарлау тапсырмасы (құжаттар Халыққа қызмет көрсету орталығы) арқылы ресімделеді);
3. Эскиз жобасы (жеке мамандарға тапсырыс береді);
4. Эскиз жобасын келісу (құжаттар ХҚКО (Халыққа қызмет көрсету орталығы) арқылы ресімделеді);
5. Тапсырыс беруші ҚМЖ өндірісінің басталуына дейін МСҚБ органын ҚМЖ өндірісі бойынша қызметті жүзеге асыру басталғандығы туралы хабарландыруға міндетті.
6. Құрылыс кезінде сәулет-құрылыс бақылау мен қадағалау сүйемелдеуінің бар болуы;
7. Объектіні пайдалануға қабылдау актісін бекіту күнінен үш жұмыс күні ішінде объект орналасқан жердегі «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясына объектінің техникалық сипаттамалары жөніндегі қосымшамен бірге объектіні пайдалануға қабылдаудың бекітілген актісін, сәйкестік туралы декларацияны, құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы мен орындалған жұмыстардың бекітілген жобаға сәйкестігі туралы қорытындыларды жолдау;

Осымен қатар құрылыс, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасымен белгіленген жоғарыда көрсетілген нормалар мен талаптар бұзушылықтары объект субъектісімен жіберілген болса, олар Қазақстан Республикасының Заңымен қарастырылған жауапкершілікке тартылатындығын мәліметіңізге жеткіземіз.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 314-бабымен жұмыстар өндірісін белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау құжаттамасынсыз жүргізу-жүргізіліп жатқан жұмыстарды тоқтата тұрып, лауазымды адамдарға - қырық, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне - екі жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне - төрт жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жеті жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салу жауапкершілігі қарастырылған.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 463-бабына сәйкес тіркеу, рұқсат беру, хабарлама жіберу міндетті болған жағдайларда хабарлама жібермегені үшін жеке тұлғаларға - он бес, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне - жиырма бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне - қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салу қарастырылған.

(20309)

Жеңіл автокөліктер сатып аламын.

Бағасы: **100 000 теңгеге дейін.**

Тел.: **8-747-367-80-63**

(880)

Хабарландыру!

Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Качир орталық аудандық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына акушер-гинеколог дәрігері қажет, байланыс телефондары: 8 (71833) 22-8-23, 8705 569 09 35, 8705 405 63 43.

(20308)

Жұмыс

Сіз лайықты еңбекақысы бар, ұнайтын жұмыс таппадыңыз ба? Мүмкін сізге көмектесеміз!

Байланыс телефондары: **57-70-97, 8-705-386-02-21, 8-747-370-41-50.**

Сатамын

1 жастағы етті ақ бас (белоголовый) тайыншалар. Баянауыл-Бірлік. Бағасы (келісіммен). Байланыс телефондары: **57-70-97, 8-705-386-02-21, 8-747-370-41-50.**

(1176)

«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Павлодар облыстық ұйымы» ҚБ-нің ұжымы Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің жастар саясаты департаментінің басшысы Еркебұлан Күнтуғанға

қызының

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

(1182)

Әдеби-көркем, қоғамдық-саяси журнал
Литературно-художественный, общественно-политический журнал

Найзатас

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Еліміздің әдеби-мәдени кеңістігінен өзіндік орнын тапқан Павлодар облыстық «Найзатас» әдеби-көркем, қоғамдық-саяси журналына 2019 жылға жазылу жүріп жатыр. Екі тілде жарық көретін журналдың мазмұндық һәм көркемдік сапасы Сізді бейжай қалдырмайды! Жазылымды еліміздің қай түкпірінде болмасын «Қазпошта» АҚ-ның кез келген бөлімшесінде рәсімдеуге болады.

6 АЙҒА ЖАЗЫЛУ
қала - 3384,90 теңге, ауыл – 3397,80 теңге;

1 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ
қала - 6769,80 теңге, ауыл – 6795,60 теңге.

Баспа индексі - 67276

БІЗБЕН БІРГЕ БОЛЫҢЫЗ!

ЖАРНАМА 66-15-42 66-15-40

Еске алу

Ажар Зияйденқызын еске аламыз

Аққұлы ауылының тұрғыны, асыл әже, ардақты анамыз Ажар Зияйденқызының фәниден бақилыққа озғанына 1 жыл толады. Анамыздың аяулы алақанын, нұрлы жүзін, мейірімді жылы сөзін сағынышпен еске аламыз. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа, иманы саламат болсын деп жаратушы Алладан тілейміз.

Ақ қайыным, бәйтерегім - анашым,
Жылағанға құшақ жайған панасың.
Орны бөлек жанұямның ордасы,
Сағындық қой алтын, асыл анашым.
Міне, бүгін бір жыл өтті өзіңсіз,
Жүрегіміз елжірейді төзімсіз.
Баршамыздың жарқыраған панасы,
Қош болшы сүйікті біздің анамыз.

Еске алушылар: **балалары, немерелері.**

Анамыз Зияйденова Ажар Зияйденқызының жылына арналған ас 2018 жылғы 4 қараша сағат 15.00-де Павлодар қаласы Мәшһүр Жүсіп мешітінің үлкен залында беріледі.

(1186)

САРЫАРҚА САМАЛЫ

МЕНШІК ИЕСІ

«Павлодар облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (Павлодар қаласы)

«Ертіс Медиа» ЖШС, «Сарыарқа самалы» облыстық газеті

Газет Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы 30.09.2014 ж. №14562-Г куәлігі берілген.

Газет 1979 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2014 жылы «Алтын жұлдыз» жалпыұлттық сыйлығымен марапатталды.

ЖШС директоры Асқар ШӨМШЕКОВ

Бас редактор Нұрбол ЖАЙЫҚБАЕВ

Телефоны: 66-15-30
ЖШС-нің мекенжайы: Павлодар қаласы, Қ.Сұрағанов көшесі, 21-үй.
Редакцияның мекенжайы. 140000, Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй.
Теле/факс 66-15-30

Газеттің электронды поштасы:
ssamaly29@gmail.com.
Бас редактордың орынбасары 66-14-61.
Жауапты хатшы 65-12-74.
Әлеуметтік бөлім 66-14-63, 66-15-31, 66-15-32.
Экономика, саясат 66-14-64, 66-15-28, 66-14-65.
«Айналайын» 66-14-63.
«Жас times» - 66-15-32.

Жарнама бөлімі:
s_samaly_reklama@mail.ru
66-15-42, 66-15-40.

Маркетинг және тарату бөлімі 66-15-41.

Фототілші, корректорлар - 65-12-74.

Газеттің нөмірі «Сарыарқа самалының» компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Газет аптасына үш рет шығады, апталық таралымы 14485 дана, бүгінгі көлемі 5 б.т.

«Дом печати» ЖШС баспаханасында басылды. ҚР Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй. Газеттің сапалы басылуына баспахана жауап береді. Телефоны. 8 (7182) 61-80-26.

Басылуға қол қойылған уақыты 17.00.
Тапсырыс - 2332

Хаттар, қолжазбалар, фотографиялар мен суреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.
Көлемі А4 (14 кегль) форматындағы 2 беттен асатын материалдар қабылданбайды.

Редакция оқырмандардан түскен барлық хаттарды тегіс жариялауды және оларға жауап беруді міндетіне алмайды.

Жарнамалық материалдардың мазмұнына жарнама берушілер жауап береді.

Нөмірді әзірлеу барысында интернет ресурстарынан алынған фотосуреттер де пайдаланылды.

Авторлардың пікірлері редакция ұстанған көзқарасқа сәйкес келмеуі де мүмкін.

«Сарыарқа самалында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өндеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.